

ТҮРКІСТАН

Халықаралық саяси ақпараттық газеті

ТАЗША БАЛАНЫҢ ТОСЫН ТАРИХЫ

Алаш арысы Жүсіпбек Басығарин туралы бірер сөз

Жүсіп Басығарин атақты би Алтыбайұлы Басығарыдан 1852-1853 жылдар шамасында, қазіргі Қызылорда қаласы маңында туған. Жасынан білікті кісілермен дәм-тұздас, ауыз-әдеби мұраларға, жалпы рухани дүниеге жақын болып өскен ол 1880 жылы алғаш рет әкесінің тапсырмасымен Ташкент, Самарқан қалаларында 11500 сомға бидай сатып алып, оны су жолымен Перовскіге жеткізіп, аштықтан күйзелген жұртшылықты аман сақтап қалған. Бұл дерек – Перовскі уездік құжатта әлі күнге сақтаулы.

Сыр еліне есімі танымал арғы атасы Алтыбай Көбекұлы, өз әкесі Басығара Алтыбаевтар туралы орыс-қазақ қатынастары құжаттарында, Перовскі уездік және "История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков" атты кітаптарда қызықты деректер кездеседі. Онда Басығаринның ұл-қыздарының аты жазылған. Сол деректе Жүсіпбектің (1867 жылы 14 жаста екенін нақтылаған) есімі де бар.

Жүсіпбек Басығариннің Перовскі қалалық училищесін, Ташкенттегі семинарияны бітіргені анық. Бірақ кейбір зерттеушілер өсіріп айтып, Петербордағы университетті бітірді дейді.

Ресейлік құжаттарда Ж.Басығаринның орысша таза сөйлеп, жазатыны сөз етіледі. Жүсіпбек 1890-1907 жылдар аралығында Перовскі уезіне қарайтын "Кентүп" болысы болып тұрғанда ауыл ортасынан мешіт, мектеп салдыру, арықтар қаздырып, егін егуге ықпалын тигізген. Тіпті оның тапсырмасымен 10 үй арнайы ағаш еккен. Ол жәй ғана патша шенеунігі болып қалмай, ел аузындағы аңыз-әңгімелерді, тарихи, архитектуралық ескерткіштерді зерттеу, оларға қатысты аңыздарды жинаумен де айналысқан. Атақты зерттеуші Әбубәкір Диваев өзінің 1907 жылы жазған "Көк кесене" атауының маңызы туралы" мақаласында: "... "Ақ кесене" және "Көк кесене" терминінің шығу тегін айқындағым келгендіктен мен Перовскі уезінің қазақтары Жүсіпбек Басығарин мен сұлтан Ерәлі Қасымовқа хат жаздым. Қай уақытта мұның болғанын Басығарин айта алмады, бірақ онша алыс емес дәуірде қазақтар арасында Қожамқұл деген біреудің тұрғанын айтады. Бұл термин (кесене) Басығариннің айтуынша, парсы (қошан) сөзінен шыққан, демек "ғимарат" деген ұғым береді. Қазақтар болса өзінің қатқыл тілімен бұл сөзді "кесене" деп атаған. "Көк" қосымшасы ғимаратқа сол түске боялғаннан қосылған болуы керек, өйткені "көк" қазақ тілінде де осы ұғымды береді" деп жазыпты. Бұл сөздерден Басығариннің халық ауыз әдебиеті мен араб, парсы тілдерінен мол хабардар болғанын аңғарамыз.

Түркістан генерал-губернаторы (патша ағзам атынан) Жүсіпбек Басығаринді 1901 жылдың 27 сәуірінде және 1906 жылы күміс, алтын медальмен және иығына тартатын Станислав лентасымен марапаттайды. Ол патша шенеуніктері мен жұртшылық арасында да аса сыйлы, беделді болса керек. Өйткені Ақмешіт (Перовскі) уезіне қатысты оқиғалар мен рулар арасында кездесіп қалатын дау-жанжалдарды шешуді Жүсіпбектен

сұрайтындар көп болған. Оны "Қазақ" газетінің (1914 ж. 71 бет): бір санында: "...Достиярлардың ішінде Жүсіпбек Басығарин деген біздің өлкеге мәшһүр жігіт ағасы бар, мұсылманша және орысшадан біраз мағлұматы бар, өзі газет, журнал көп оқиды, қаламға да ұста жігіт. Көзі ашық, көңілі жетік заманаға түсінген еді, елге өрнек көрсетер деп халық көңіліне тоқ санап жүрген кісі еді. Достиярлардың бұл орасан жұмысын естіген бұлайғы жұрттар:

"Иапырмай, Жүсіпбек қайда!" деп таңырқап қалды" – деген мақала кездеседі. "Жиен" деп қол қойған автор әзіл-шыны аралас өкпе-назын білдіріпті.

"Алашорда" қозғалысына үн қосып, қазақ басылымдарына мақалаларымен қатар, өлең-жырларын жариялаған ол "Қазақ" газетінің алғашқы саны шыққанда басылымды құттықтаған: "Қазақ" деп ат қойылған газеттің бірінші номерін осында көріп, оқып қуанғандықтан ақындығым болмаса да бес-алты ауыз өлеңмен құтты болсын айтудан өзімді тоқтата алмадым", – деп жазады. Одан әрі:

"Тумаңыз құтты болсын, барлық қазақ,

Халық едік кетпей жүрген бастан азап.

Тағы бір жас иіске ернің тиді,

Бағыңыз, тәрбиелеп болмай мазақ", – деп өрнектейді. Және бір құттықтауды

"Бірлік туы" газетіне де арнапты. Орынборда (1917 ж.) өткен Қазақ съезіне делегат болып "Азамат" серіктестігінің, "Шора Ислами" қоғамының мүшесі ретінде сол кездегі қазақ қоғамындағы іргелі істерге қатысқаны айқындала түседі.

Жүсіпбек Басығариннің (Басығараұлы) өз кезеңінде білімді, терең ойшыл, халықшыл азамат болғанын 1914 жылғы "Қазақ" газетіндегі "Билік" атты мақаладан да біле аламыз (77-78 б.б.). "...Біздің ойлауымызша, халықтың жол-жорасын жақсы білетіндер және жолдан шығып, жора бұзғандарды тексеріп, билердің айтатын бітім-биліктерін жақсы білетін адамдар бұрынғы билердің билік айтқанын көзімен көрген иә құлағымен естіген қазақтың қария қарттары, атасы хан болған ханзадалар, атасы би болған бизадалар. Сондықтан бұл туралы толық мағлұмат берер деп, біз білетін адамдардан ойлайтынымыз мыналар: Ахметкерей Қосуақұғлы, Бірмұхаммед Қауманұғлы, Қожа Ахмет Оразайұғлы, Шаһангерей Бөкеев, Шәкәрім Құдайбердіұғлы, Мейрам қажы Жанайдарұғлы, Жүсіпбек Басағаринұғлы". Елге сыйлы кісілердің есімдері аталып, билік, бірлік хақында өз ойларын ортаға салуды сұраған екен.

XX ғасырдың басындағы қайраткер тұлғалардың қатарынан берік орын алған Жүсіпбек Басығарин туралы академик, жазушы Сәбит Мұқанов "Халық мұрасы" (1974 жыл, 13-б.) атты кітабында: "Жүсіпбек Басығаринның (біздің ғасырдың басында жасаған адам) айтуынша, "Мақпал" оқиғасы Сырдария бойында болған" деп жазады. Нысанбай жыраудың "Кенесары-Наурызбай" жырын даңғайыр жазушы Мұхтар Әуезов Қызылордада 1927 жылы шыққан "Әдебиет тарихы" кітабына енгізген. Мұқаң аса мән берген Кенесары дастанын алғаш рет ел аузынан жазып алып, баспада алғаш жариялағандардың бірі – Жүсіпбек Басығарин болған. Ол кісі құрастырған "Кенесары-Наурызбай" жырына редактор болған Халел Досмұхамедов:

"... Нысанбай ақынның "Кенесары-Наурызбай" деген сөзін дұрыстап, 1897 жылы Әбубәкір Диваевқа берген Жүсіпбек Басығарұлы екен. Біздің естуімізше, Жүсіпбек сумұрын жатпас Ораз деген ақынға жаздырып алған" десе, тарих ғылымының докторы Е.Бекмаханов "Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында" атты зерттеу кітабында (1994 ж.)

"... Нысанбай жырларының Жүсіпбек Басығарин редакциялап, 1924 жылы жарияланған нұсқасында жыр тексті одан бетер бұрмаланған. Нысанбай жырын Басығариннің әдейі бұрмалау себебі бәрінен бұрын оның қазақтардың халық-азаттық қозғалысын жек көрген Алашорда идеологтарының бірі болуынан деу керек" – дейді. Сондай-ақ бұған Алтыбай Көбеков пен зауряд-хорунжий Жанғабыл Төлегеновтердің ауылдарын хан әскерінің шабуы себепкер болған деуі де – шындық. Атасын тірідей отқа тастап, ағайындарының зорлыққа ұшырағанын жасынан естіп өскен Жүсіпбектің Кенесары жасақтарын қанішерге теңемеуге пенделік намысы жібермесе керек. Дастанды (жырды) баспаға ұсынған (1923 ж.) Нәзір Төрекұлов басқарма атынан жазған алғы сөзде: "Жүсіпбектің ұлы атасы Алтыбай биді

Кенесарының қолы өлтірген. Сонымен Жүсіпбек ақын жолынан қия шығып, Нысанбайдың жырын кірлеген көрінеді. Бұл мынадан көрініп тұр:

Өңшең бұзық қанішер,

Қасына ерген қарашы.

Қашқан-бұсқан жиылып,

Қарашы нөкер ел болды.

Ақылы жетпей қырылып,

Ақырында қор болды",

– деген сөздерді қосқан", – деп жазады. Ал Жүсіпбек Басығариннің өзі:

"Түзеттім Кенесары-Наурызбайды,

Мұндай боп сөз реті табылмайды.

Маржандай жіпке тізген реттедім,

Сынасын сынаушылар біздің жайды" десе, осы кітап қосымшасының соңында:

"Бұл айтқан кітапшаның насихаты,

Осы деп насихаттың ақиқаты.

Мына сөз теріс деген адам болса,

Дәлелмен тисін бізге жазған хаты", – деп өзінің құрастырған "Кенесары-Наурызбай" жырының дұрыстығына шүбә келтірмеген тәрізді. Дегенмен Ж.Басығарин пендешіліктен бас тарта алмаған сияқты.

Қоғам және мемлекет қайраткері Нәзір Төрекұловтың Жүсіпбекті ақын деп атауы орынды тәрізді. Өйткені 1913-1918 жылдар арасында жазылған оның "Құттықтау", "Ақымақтарға", "Өлең-жыр", "Интеллигент", "Жазушыларға", "Отағасы", "Қызбалаларға", "Бозбалаларға" "Жас әйелдерге", "Ғылым мен надандықтың айтысканы", тағы басқа өлеңдері дәлел бола алады. Атақты Кете Жүсіп (1873-1924):

"... Ақназар, Алданазар һәм Жүсіпбек,

Аппаз би, озық ақыл Ер Мұңайтбас" десе,

Жарылқап ақын (1860-1925 ж.):

"... Жұлделі Жүсіпбек те өнерге бай,

Жасынан жарысып тұр дәрежесі" – деп, оны жүйріктер қатарына қосқан.

Жүсіпбек Басығарин 1918 жылдың аяғында Ташкент қаласына барып, ұстаздықпен айналысады. Оның туып-өскен жерінен қол үзуіне 1918-1919 жылдарда Ақмешіт совдепін басқарған И.Гержод себепкер болады. Өйткені Гержод Сыр елінің белгілі тұлғалары М.Шоқай, И.Тоқтыбаев, Ж.Басығариндердің сонына түсіп, олардың көздерін жою үшін қанды әрекеттер жасаған.

"Ақжол" газетінің 1920 жылдың 20 желтоқсанындағы "Гержодтың ылаңы" атты мақаласында авторы Ескерген: "... Алаш баласына тегіс белгілі десе боларлық Юсупбек Басығарин отағасының өзін қолға түсіре алмай, маңдайындағы бары – үш баласын ұстап жапқан екен. Бұларды айтушылар рас айтса, үшеуі бір оққа тізіліп атылған. Ташкентте қартайғанда мұғалімдік қылып, мұғалімдер курсына оқып жүрген Юсупбек ақсақал балаларының артынан көп ұзамай қайғы-қасіреттен дүниеден көшті", – деп жазған.

Жүсіпбек Басығарин "Гром и молния" атты ("Күн күркіреу мен найзағай") кітапты оқулық ретінде орышадан аударған. Бұл кітап 1923 жылы Ташкент қаласында баспадан шықты. Осы кітапқа редактор болған Халел Досмұхамедов:

"... Бұл кітаптағы сөздердің жүйесі, тізілісі Жүсіпбек марқұмдікі, бұнан бір ноқат өзгертілген жоқ", – деп жазса, Ж.Басығарин кітаптың алғы сөзінде:

"... 7-8 айдан бері қазақ мектебіне мұғалім болып тұрғанымда байқадым: қазақ тілінде пән кітаптарынан бір де кітап жоқ екен. Соның үшін қолымнан келгенше бірер пән кітабын қазақтың ата тіліне аударып жаздым. Егер мұным мағариф шорасына ұнап, бастырып шығарса, жоқтан гөрі бары игі" – деген.

Ж.Басығарин құрастырған "Тазша" атты өтірік сөздер, өлеңдер жинағы 1926 жылы Мәскеуде басылып, шықты.

Көптеген жинақтар мен газет басылымдарын саралай отырып, Жүсекеңнің 1920 жылы Ташкент қаласында өмірден өткеніне көзіміз жетті.

Қазақ халқының белгілі тұлғалары және "Алашорда" басшылары болған Н.Төреқұлов, Х.Досмұхамедов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, С.Қожанов, Ахмет ишан, Сералы Лапиндермен аралас-құралас, сыйлас болыпты. Олар өз кезегінде (1923-26 ж.) Ж.Басығариннің шығармаларының жарыққа шығуына көп үлес қосқан.

Зерттеу мен талдау нәтижесі көрсеткендей, Жүсіпбек Басығарин (Басығараұлы) шын мәнінде қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген азамат, тұлға болған. Қазақтың белгілі ағартушысы Ж.Басығаринге Қызылорда қаласынан көше атын берсе, нұр үстіне нұр болмақ.

Тынышбек Дайрабай, зерттеуші, этнограф